

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам)
акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының материалдары
2011 жылдың 31 наурызы 11 сағат 00 минут**

Күн тәртібі:

1. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы
2. Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау туралы

1. Қоғамның директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы

Қоғам ірі акционер - «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамынан 2011 жылдың 27 қаңтарында Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі Бозжанов Төлеген Жұмадұлының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы ұсынысы бар өтінімін (№110-26/468 хат) алды. Осының негізінде, 2011 жылдың 1 ақпанында Директорлар кеңесі Қоғам Жарғысының 10.5-тармағына, 12.2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Директорлар кеңесінің мүшесі Бозжанов Төлеген Жұмадұлының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату мәселесі бойынша шешім қабылдау үшін Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдады.

Қоғам Жарғысының 11.1 бабының 8-тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттігі мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату жатады.

Шешім:

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі Бозжанов Төлеген Жұмадұлының өкілеттігі мерзімнен бұрын тоқтатылсын.

3. Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау туралы

Қоғам ірі акционер - «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамынан 2011 жылдың 27 қаңтарында Өтеғалиев Сисенғали Әжғалиұлын Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі етіп сайлау туралы ұсынысы бар өтінімін (№110-26/468 хат) алды.

2011 жылдың 1 ақпанында аталған кандидатураны Қоғамның Директорлар кеңесінің Тағайындау жөніндегі комитеті қарады және Тағайындау жөніндегі комитет туралы ереженің 2.2.2-тармағына сәйкес Директорлар кеңесінің мүшесі етіп сайлау үшін бірауыздан ұсынды. 2011 жылдың 1 ақпанында Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғам Жарғысының 10.5-тармағына, 12.2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдады. Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ереженің 3.8-тармағына сәйкес акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының қарауына Өтеғалиев Сисенғали Әжғалиұлын Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі етіп сайлау туралы ұсыныс енгізді.

Қоғам Жарғысының 11.1 бабының 8-тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттігі мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату жатады.

Кандидат туралы мәлімет қоса беріліп отыр.

Шешім:

Өтеғалиев Сисенғали Әжғалиұлы тұтастай алғанда Қоғам Директорлар кеңесінің өкілеттігі мерзіміне Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлансын.

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының (Қоғам)
Директорлар кеңесіне кандидат туралы ақпарат

- 1) Тегі, аты, әкесінің аты: Өтеғалиев Сисенғали Әжғалиұлы
- 2) Кандидатты ұсынған акционердің атауы: «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
- 3) Кандидатқа тиесілі Қоғам акцияларының саны: 1841 дана акция, 5 дана GDR
- 4) Білімі туралы мәлімет: жоғары, Тюменнің индустриялық институты, геологиялық барлау факультеті, Тюмень қаласы, Ресей Федерациясы – 1967-1972 жылдар
- 5) Қоғамға аффилиирленуі туралы мәлімет: аффилиирлендірілген тұлға
- 6) Кандидат соңғы үш жылда жұмыс істеген жұмыс орындары мен атқарған лауазымдары, сондай-ақ кандидаттың соңғы бес жылда басқа заңды тұлғалардың басқару органдарында атқарған лауазымдары туралы мәлімет:
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өндіру жобалары жөніндегі бас менеджері – 2009 жылдың 22 маусымынан бастап осы уақытқа дейін;
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай және газ өндіру жөніндегі басқарушы директоры – 2007 жылдың желтоқсанынан бастап 2009 жылдың 22 маусымына дейін
«Қазақойл-Ақтөбе» ЖШС Байқау кеңесінің төрағасы;
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның «Қазақтүркмұнай» ЖШС-ның жалпы жиналысындағы өкілетті өкілі;
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның өкілетті өкілі, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі
- 7) Кандидатың Қоғамның аффилиирлендірілген тұлғаларымен және қарсы агенттерімен қатынасы туралы мәлімет: қатынас жоқ
- 8) Өтелмеген немесе заңнамамен белгіленген тәртіппен алынбаған сотталғандығы туралы мәлімет: жоқ
- 9) Кандидаттың Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынуға келісетіндігі туралы мәлімет: келісті

